



БҰЙРЫҚ

2022. 16.08.

Сәтбаев қаласы

ПРИКАЗ

№ 50.

город Сатпаев

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жөніндегі шараларға жауаптылық туралы»

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен мектептің ішкі тәртіп қағидаларының бұзушылығын болдырмау мақсатында, Сәтбаев қаласының білім бөлімінің 2021 жылғы 28-ші қыркүйектегі №175 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру мекемесінде жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал - жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, педагогтер құрамына сыйлықтар, аттестация, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы да басқа мақсаттар үшін қаражат жинауға үзілді-кесілді тиым салынсын:

- концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуіне ақша жинауға;
- мерекелік күндері оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата-аналар мен оқушылардан қаражат жинауға;
- мерекелік күндері білім беру ұйымын безендіру үшін ақша жинауға;
- тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;
- жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымның өнімдерін өндіруге;

2. Мектеп қызметкерлері мен бюджетпен қаржыландырмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлемақы жинауға жол бермеу үшін ықпалды шара қолданылсын.

3. Тәрбиелеу жұмысын орындау аясында мектеп оқушылары мен тәрбиеленушілердің мәдени-көпшілік шараларға қатысу үшін қаражат жинау тек ерікті түрде өткізілсін (театрларға, мұражайларға, көрмелерге қатысу).

4. ҚР білім және ғылым министрлігінің ұсынымымен мектеп бітіру іс-шарасында (4,9,11 сыныптарда) мынадай мәселелерге рұқсат етілмейді:

- аниматорларды, мерекелік, агенттіктерді, ақылы әріптестерді, мерекелік шараларға жеке студиялар тартуға;
- мерекелік дастарханды ұйымдастыруға;

001127

- автокөліктерді жалға алып, қала бойынша экскурсиялар өткізуге;
- мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар алу үшін қаражат жинауға;
- Ойын- сауық мекемелерінде бітіру кешін ұйымдастыруға.

5. Оқу орнының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогтар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру, таныстыру жұмыстарын жүргізу директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары А.Р. Балгазинаға жүктелсін.

6. Ата-аналардан заңсыз ақша жинаған сынып жетекшілер, мұғалімдер, тәрбиешілерге тиісті шаралар қабылдансын.

7. Осы бұйрықты тиісінше жүзеге асырмаған білім беру мекемесінің әкімшілігі мен педагогтер тәртіптік жазадан лауазымынан босатуға дейін шаралар қолданылсын.

8. Осы бұйрықпен мектептің барлық педагогтарын, сынып жетекшілерін таныстыру Л.С. Жүсіпке жүктелсін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Ж. Жамангарина

Бұйрықпен таныстым:

орындаған: Л.С. Жүсіп
тел: 8(71063) 3-75-28